

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 888 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 16 тамыздағы N 271 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2089. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 6 желтоқсандағы N 445 (V032644) қаулысымен.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 16 тамыздағы N 271 қаулысына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 888 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 1999 жылғы 30 тамыз-12 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу ережесіне ( бұдан әрі - Ереже):

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын; "Қазақстан Республикасының Заңдарымен" деген сөздер алынып тасталсын;

8-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығында" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң)" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығында" деген сөздер "Заңда" деген сөзбен ауыстырылсын

13-тармақтағы "кредиттен" деген сөз "заемнан" деген сөзбен ауыстырылсын;

21 және 51-тармақтардағы "күшін жою" деген сөздер "қайтарып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

26-тармақтың 3) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы" деген сөздер "бағалы қағаздар рыногын реттеу саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Ұлттық Банк осы Ереженің N 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша берілген, тоқтатып қойылған және қайтарып алынған лицензиялардың тізілімін жүргізеді." ;

мынадай мазмұндағы 33-1-тармақпен толықтырылсын:

"33-1. Банктік емес ұйым лицензияны жоғалтқан жағдайда дубликат алуға құқылы. Ұлттық Банк банктік емес ұйымның жазбаша өтініші бойынша лицензияның дубликатын он күнтізбелік күннің ішінде береді. Мұндай жағдайда банктік емес ұйым лицензиялық алым төлейді.

Банктік емес ұйымға лицензияны қайта ресімдеуді Ұлттық Банк оның жазбаша өтінішінің және лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың негізінде оларды алған сәттен бастап он жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырады.

Банктік емес ұйымның лицензиясы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көрсетілген негіздер бойынша қайта ресімделеді.";

35-тармақтағы "облыстық" деген сөз "аумақтық" деген сөзбен ауыстырылсын;

40 және 42-тармақтардағы "несие" деген сөз "заем" деген сөзбен ауыстырылсын;

42-тармақтағы және 43-тармақтың 3) тармақшасындағы ("есеп айырысу") деген сөз алынып тасталсын;

45-тармақтағы "кредиттерін" деген сөз "заемдарын" деген сөзбен ауыстырылсын;

46-тармақтың екінші абзацындағы "кредиттер (заемдар)" деген сөздер "заемдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

48-тармақтағы "облыстық (Орталық, Алматы бас)" деген сөздер "аумақтық" деген сөзбен ауыстырылсын;

50-тармақтағы "күшін жою" деген сөздер "қайтарып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

Ереженің 2-қосымшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу ережесіне 2-қосымша

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, тоқтатып қойылған, қайтарып алынған лицензиялардың есебін жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тізілімі**

---

Лицензиялар N	Ұйымның атауы	Лицензия берілген (қайта ресімделген) күні	Лицензия беру(қайта ресімдеу) негізінде. күні	Лицензияда көзделген операциялар тізбесі	Лицензия қайтарып алынған, тоқтатылған күні
---------------	---------------	--	---	--	---

---

3 және 4-қосымшалар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*